

Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы N 101 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2026 жылғы 5 маусымдағы № 297-VIII Конституциялық заңымен

Ескерту. Конституциялық заңның күші жойылды – ҚР 05.06.2026 № 297-VIII Конституциялық заңымен (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Сенаттың және Мәжілістің тұрақты комитеттері, сондай-ақ Парламенттің бірлескен комиссиялары Қазақстан Республикасы Парламентінің жұмыс органдары болып табылады.

2-бап. Сенат пен Мәжіліс тұрақты комитеттерінің және Палаталар комиссияларының өкілеттігі мен қызмет тәртібі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерімен, Парламенттің және оның Палаталарының регламенттерімен белгіленеді.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.19. № 384 Заңымен.

3-бап. Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері тиісті Палатаның депутаттары арасынан Парламенттің бірінші сессиясында құрылады.

Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттерінің саны, олардың атауы Сенат пен Мәжілістің отырыстарында тиісті Палаталар депутаттарының ұсынысы бойынша белгіленеді.

Қажет болған жағдайда жаңа тұрақты комитеттер құрылуы, бұрын құрылғандарының таратылуы және қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

2-тарау. Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссияларын құру тәртібі

4-бап. Сенат пен Мәжіліс құратын тұрақты комитеттердің саны әрбір Палатада жетіден аспауға тиіс.

5-бап. Сенат пен Мәжілістің тиісті тұрақты комитеттері мүшелерінің санын Палата анықтайды.

6-бап. Сенат пен Мәжіліс тұрақты комитеттерінің төрағалары комитеттердің саны мен атауы белгіленгеннен кейін сайланады.

7-бап. Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары Сенат, Мәжіліс отырысында депутаттар арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

Парламенттік оппозиция өз депутаттарының арасынан Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің төрағалары лауазымына кандидатуралар ұсынуға құқылы.

Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бірінің төрағасы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен парламенттік оппозициядан (ол бар болса) ұсынылған депутаттар арасынан сайланады.

Ескерту. 7-бап жаңа редакцияда - ҚР 02.06.2020 № 340-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Тиісті тұрақты комитет төрағасының қызметіне кандидатураларды Палата депутаттары ұсынады.

9-бап. Сенаттың, Мәжілістің тұрақты комитеті төрағасының қызметіне кандидатқа Палата депутаттары алдында сөз сөйлеу құқығы беріледі. Кандидат сөз сөйлеп болғаннан кейін депутаттардың оған сұрақтар қоюына, кандидатура жөнінде өз пікірін айтуға құқығы бар. Палатаның комитеті төрағасының қызметіне кандидатқа депутаттар сұрақтарына жауап қайтару үшін уақыт бөлінеді. Кандидаттарды талқылау Палаталар регламенттерімен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

10-бап. Егер тұрақты комитет төрағасының қызметіне екіден көп кандидат ұсынылса және дауыс беру кезінде олардың ешқайсысы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусын ала алмаса, ең көп дауыс санын алған екі кандидат бойынша қайта дауыс беру өткізіледі.

Қайта дауыс беру кезінде тұрақты комитеттің төрағасы қызметіне ең көп дауыс алған кандидат сайланды деп есептеледі.

11-бап. Сенаттың, Мәжілістің тұрақты комитетінің төрағасы тиісті Палата Бюросының құрамына кіреді.

12-бап. Тұрақты комитеттің төрағасы тұрақты комитет мүшелері жалпы санының кем дегенде үштен екісінің бастамасы бойынша тиісті Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қызметінен кері шақырылып алынуы мүмкін.

13-бап. Тұрақты комитеттің төрағасы қызметтен кетуге құқылы, егер Палата депутаттары жалпы санының көпшілігі мұны жақтап дауыс берсе, ол қабылданды деп есептеледі.

14-бап. Сенат пен Мәжіліс тұрақты комитеттерінің төрағалары сайланғаннан кейін Палата отырысында комитеттердің мүшелері сайланады.

15-бап. Палаталар тұрақты комитеттерінің құрамын қалыптастырған кезде депутаттың белгілі бір комитетте жұмыс істеуге тілек білдіру құқығы ескеріледі.

16-бап. Сенат пен Мәжілістің Төрағалары және олардың орынбасарлары Палаталар тұрақты комитеттерінің құрамына кіре алмайды.

17-бап. Республика Парламентінің депутаты бір тұрақты комитеттің ғана мүшесі бола алады.

Депутат бір тұрақты комитеттен екіншісіне ауысуға құқылы. Депутаттың бір тұрақты комитеттен екіншісіне ауысуы туралы шешім Палата қаулысымен, оның Регламенті белгілеген тәртіппен қабылданады.

18-бап. Парламент депутаты Парламенттің өзі құрамына кірмейтін тұрақты комитеттері мен комиссияларының отырыстарына кеңесші дауыс құқығымен қатысуға құқылы.

19-бап. Сенаттың, Мәжілістің тұрақты комитетінің хатшысы тиісті тұрақты комитеттің отырысында оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Палатаның комитеті мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.

Парламенттік оппозиция өз депутаттарының арасынан Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің хатшылары лауазымына кандидатуралар ұсынуға құқылы.

Парламент Мәжілісінің екі тұрақты комитетінің хатшысы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен парламенттік оппозициядан (ол бар болса) ұсынылған депутаттар арасынан сайланады.

Осы Заңның 7-бабының үшінші бөлігіне және осы баптың үшінші бөлігіне сәйкес парламенттік оппозициядан ұсынылған депутаттар арасынан сайланған Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің төрағасы мен хатшылары Парламент Мәжілісінің әртүрлі тұрақты комитетіне сайланады.

Ескерту. 19-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.06.2020 № 340-VI Заңымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Тұрақты комитет төрағасының, комитет мүшелерінің ұсынысы бойынша тұрақты комитеттің хатшысы, егер комитет мүшелері жалпы санының көпшілігі мұны жақтап дауыс берсе, қызметінен кері шақырылып алынуы мүмкін.

21-бап. Палаталардың тұрақты комитеттері өз қызметінің негізгі бағыттары бойынша қосымша комитеттер құруы мүмкін.

Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағасы мен хатшысы Палаталар комитеті қосымша комитеттерінің құрамына ене алмайды.

22-бап. Палаталардың бірлескен қызметіне қатысты мәселелерді шешу үшін Сенат пен Мәжіліс тепе-теңдік негізде бірлескен комиссиялар құруға құқылы.

Парламенттің бірлескен комиссияларының сан құрамы Палаталар арасындағы келісім бойынша белгіленеді. Бірлескен комиссиялардың мүшелерін сайлауды әрбір Палата дербес жүзеге асырады.

23-бап. Қаралатын заң жобалары бойынша туындаған келіспеушіліктерді еңсеру үшін Сенат пен Мәжіліс әрбір Палата депутаттарының бірдей санымен келісім комиссияларын құрады.

Келісім комиссияларын құру қажеттігі туралы және олардың құрамына Сенат пен Мәжіліс депутаттарын сайлау туралы шешімді Палаталардың отырыстарында Сенат, Мәжіліс депутаттары жалпы санының көпшілігі қабылдайды.

24-бап. Қазақстан Республикасы Конституциясы 47-бабының 1-тармағында көзделген өкілеттікті жүзеге асыру мақсатында Парламент әрбір Палатадан тең мөлшерде алынған депутаттардан және медицинаның тиісті салаларындағы мамандардан тұратын арнаулы уақытша комиссия құрады.

25-бап. Қазақстан Республикасы Конституциясы 47-бабының 2-тармағында көзделген Сенат өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында Сенат арнаулы уақытша комиссия құрады.

26-бап. Сенат пен Мәжілістің Қазақстан Республикасы Конституциясы 57-бабының 5) және 6)-тармақшаларында көзделген өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында Парламент Палаталары арнаулы комиссиялар құруы мүмкін.

27-бап. Парламенттің және оның Палаталарының бірлескен, келісім, арнаулы және өзге де комиссияларын құру, сондай-ақ олардың төрағаларын сайлау және Палаталардың бірлескен комиссияларының төрағаларын қызметтен босату тәртібі Парламент Регламентімен, Сенат пен Мәжілістің регламенттерімен белгіленеді.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.29. № 154-IV Заңымен.

28-бап. Бірлескен, келісім және арнаулы комиссиялардың қызметі уақытша сипатта болады, ол белгілі бір мерзіммен және (немесе) нақты міндетпен шектеледі.

3-тарау. Қазақстан Республикасы Парламенті комитеттері мен комиссияларының өкілеттігі

29-бап. Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері заң жобаларымен жұмыс жүргізу, Палатаның қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарау және әзірлеу үшін құрылады.

Өз өкілеттігін жүзеге асыру үшін Палатаның тұрақты комитеті:

1) заң актілеріне қорытындылар жасайды, тиісті Палатаның Бюросына заң актісі жобасын отырыстың күн тәртібіне енгізу не онымен жұмысты жалғастыру

немесе дәлелді негіздеме келтіре отырып, оны қабылдамау туралы ұсыныстар енгізеді;

2) тиісті Палатаның немесе оның Бюросының тапсырмасы бойынша нақты заң жобасы немесе Палатаның қарауына жататын басқа мәселе жөніндегі бас комитет қызметін атқарады;

3) енгізілген заң жобаларын қарау жөніндегі жұмыс топтарын құрады, олардың құрамына заң жобасы бастамашыларын, мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктер, ғылыми мекемелер өкілдерін, мамандарды, шаруашылық жүргізуші субъектілер басшыларын тартады;

4) заң актілері жобаларын әзірлеу үшін жұмыс топтарының құрамы жөнінде тиісті Палатаның Бюросына ұсыныстар енгізеді;

5) осы заң актісіне қатысты мәселелер бойынша заң жобасының бастамашыларын тыңдайды;

6) енгізілген заң жобаларының, қаулылар, Парламент пен оның Палаталары қабылдайтын басқа да актілер жобаларының мәтінін өзгерту және (немесе) толықтыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

7) өзін заң жобасы немесе басқа мәселе бойынша бас комитет деп белгілеген жағдайда Палата тұрақты комитеттерінің, депутаттарының ескертпелері мен ұсыныстарын жинақтайды, қорытынды және материалдар, сондай-ақ қосымша баяндама дайындайды;

8) Палаталар Республиканың лауазымды адамдарын қызметке тағайындауға Президентке келісім беру, оларды сайлау, тағайындау, қызметтен босату және ешкімнің тиіспеуі жөніндегі құқығынан айыру жөніндегі өкілеттігін жүзеге асыру мақсатында өз отырысында ұсынылған кандидатураларды талқылайды және қарау нәтижесі бойынша қорытынды шығарады;

9) Парламент комиссияларының құрамына жіберілетін Палаталар депутаттарының кандидатуралары бойынша ұсыныстар енгізеді;

10) (алып тасталды - 2009.04.29. № 154-IV Заңымен);

11) тиісті Палата Бюросының шешімімен өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді;

12) өз қарауындағы мәселелер бойынша Палаталардың басқа тұрақты комитеттерінің, мемлекеттік органдардың және олардың лауазымды адамдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің, мамандардың пікірлерін сұрауы мүмкін;

13) Парламент Палаталарына есеп беретін лауазымды адамдардың есебін немесе хабарын Парламент сессиясында тыңдау туралы ұсыныстар енгізеді;

14) депутаттар енгізген мәселелер мен ұсыныстарды қарайды, олар бойынша шешім қабылдайды, қабылданған шешімдердің жүзеге асуын ұйымдастырады, сондай-ақ олардың орындалуына бақылау жасайды;

15) Палатаның қарауына сыртқы және ішкі саясаттың жалпы және жекелеген мәселелері бойынша декларациялар, үндеулер мен мәлімдемелер қабылдау туралы ұсыныстар енгізеді;

16) Палата Бюросына шет мемлекеттерге жіберілетін ресми парламенттік делегациялардың құрамы жөнінде ұсыныс енгізеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.29. № 154-IV Заңымен.

29-1-бап. Республика Президентінің ұсынысы бойынша Парламент Сенатының және (немесе) Мәжілісінің тұрақты комитеттері өзге де мәселелерді қарайды және мемлекет Басшысына тиісті қорытындыларды табыс етеді.

Ескерту. 29-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.05.19. № 384 Заңымен.

30-бап.

Ескерту. 30-бап алып тасталды - ҚР-ның 2009.04.29. № 154-IV Заңымен.

31-бап. Бірлескен комиссиялардың өкілеттігін депутаттар Парламент Палаталарының бірлескен отырыстарында оларды құрған кезде белгілейді.

32-бап. Келісім комиссияларының өкілеттігі олардың қарауына енгізілген мәселелер ауқымымен шектеледі.

33-бап. Парламенттің арнаулы комиссияларының өкілеттігі Қазақстан Республикасының Конституциясымен белгіленеді.

4-тарау. Қазақстан Республикасы Парламент комитеттері мен комиссияларының қызметін ұйымдастыру

34-бап. Сенаттың, Мәжілістің тұрақты комитетінің төрағасы:

1) тұрақты комитеттің жұмысына басшылық жасайды;

2) тұрақты комитеттің жұмыс жоспарын және оның отырысы күн тәртібінің жобасын жасайды;

3) комитеттің, Палата Бюросының, Палатаның шешімі бойынша тұрақты комитет мүшелеріне берілген тапсырмалардың орындалуын ұйымдастырады;

4) өзіне Палатаның Регламентімен жүктелген басқа да міндеттерді орындайды.

35-бап. Сенаттың, Мәжілістің тұрақты комитетінің хатшысы:

1) тұрақты комитеттің іс жүргізуін және оның отырыстарының хаттамаға түсірілуін ұйымдастырады;

2) тұрақты комитеттің төрағасы болмаған жағдайда оның міндеттерін атқарады;

3) өзіне Палатаның Регламентімен жүктелген басқа да міндеттерді атқарады.

36-бап. Палаталардың тұрақты комитеттерінің мүшелері комитеттердің қызметіне белсене қатысуға, олардың тапсырмаларын орындауға міндетті.

Сенаттың, Мәжілістің тұрақты комитеттерінің мүшелері комитет отырыстарында қаралатын барлық мәселелер бойынша шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

Тұрақты комитеттің мүшесі:

- 1) сайлауға және комитет төрағалығына, хатшылығына сайлануға, осы кандидатуралар бойынша ұсыныс енгізуге;
- 2) комитет отырысында қарау үшін мәселелер ұсынуға, күн тәртібі, талқыланатын мәселелерді қарау тәртібі мен олардың мәні бойынша ұсыныстар мен ескертпелер енгізуге;
- 3) комитет отырыстарында комитет құзыретіне жататын мәселелер бойынша лауазымды адамдарды тыңдау туралы ұсыныс енгізуге;
- 4) заңдардың, қаулылардың, комитет отырысында әзірленіп жатқан басқа да актілердің жобаларына түзетулер енгізуге;
- 5) комитет отырысында баяндама жасаушыларға, төрағалық етушіге сұрақтар қоюға;
- 6) өз ұсыныстарын негіздеп сөйлеуге, анықтамалар беруге;
- 7) комитет мүшелерін азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің өтініштерімен таныстыруға;
- 8) комитет отырыстарының стенограммалары мен хаттамаларынан депутаттардың сөйлеген сөздерінің мәтіндерімен танысуға;
- 9) заңдарға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

37-бап. Ұсыныстары тұрақты комитеттің қолдауын таппаған депутат оларды регламенттерге сәйкес Парламент Палатасының отырыстарында осы мәселені талқылаған кезде енгізе алады немесе олар жайында төрағалық етушіге жазбаша түрде хабарлай алады.

38-бап . Депутаттар өз ынтасымен немесе тұрақты комитеттің тапсыруы бойынша өздерінің аймақтары мен сайлау округтерінде комитеттің құзыретіндегі мәселелерді зерделейді, мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың ұсыныстарын жинақтайды, өз қорытындылары мен ұсыныстарын комитетке хабарлайды.

39-бап. Тұрақты комитеттер өз шешімдері мен тапсырмаларын орындауға комитеттер мүшелерінің қатысуы туралы олардың хабарламаларын тыңдауға құқылы.

40-бап. Тұрақты комитеттің мүшесі комитеттің отырыстарына дәлелсіз себептермен қатыспаған жағдайда оған "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңымен, сондай-ақ Парламент пен оның Палаталарының регламенттерімен белгіленген тәртіппен жазалау шаралары қолданылады.

Ескерту. 40-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 1999.05.19. № 384 Заңымен.

41-бап. Сенат пен Мәжілістің тұрақты комитеттері өздерінің құзыретіндегі мәселелер бойынша қызмет нысандары мен әдістерін еркін таңдап алады, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара қарым-қатынас жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

42-бап. Сенат пен Мәжіліс тұрақты комитеттерінің отырыстары қажетіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіліп тұрады.

43-бап. Тұрақты комитеттің төрағасы отырыстарды өз бастамасы бойынша да , сондай-ақ комитет депутаттарының, Палата Төрағасының ұсынысы бойынша да шақырады.

44-бап. Тұрақты комитеттердің отырыстары ашық өткізіледі. Парламент пен оның Палаталарының регламенттерінде көзделген жағдайларда жабық отырыстар өткізілуі мүмкін.

45-бап. Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының Төрағасы мен мүшелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметі Аппаратының басшылары, Қазақстан Республикасы Президенті мен Қазақстан Республикасының Үкіметінің Парламенттегі өкілдері тұрақты комитеттердің кез келген ашық, сол сияқты жабық отырыстарына қатысуға құқылы және өз сөздерін тыңдатуға құқығы бар.

Ескерту. 45-бап жаңа редакцияда – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

46-бап. Бұқаралық ақпарат құралдары Парламент Палаталарында тіркелген жағдайда бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері тұрақты комитеттердің ашық отырыстарына қатыса алады.

47-бап. Палаталардың тұрақты комитеттерінің отырыстары олардың мүшелері жалпы санының кемінде үштен екісі қатысқан жағдайда заңды болады.

48-бап. Тұрақты комитеттің отырыстарында комитеттің төрағасы немесе хатшысы төрағалық етеді.

Комитеттердің отырыстары хаттамалармен ресімделеді. Тұрақты комитеттер отырыстарының хаттамаларына төрағалық етуші қол қояды.

49-бап . Тұрақты комитеттер өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша комитет мүшелері жалпы санының көпшілік дауысымен қаулылар қабылдайды.

50-бап. Бірнеше тұрақты комитеттердің құзыретіне жататын мәселелерді комитеттердің өз бастамасы бойынша, сондай-ақ Палатаның тапсырмасымен, не

Палата Бюросының ұсынысымен комитеттердің бірлесіп әзірлеуіне және қарауына болады. Бұл орайда жұмысты үйлестіру, Палата Бюросының ұсыныстары мен есептерін қорыту үшін сол мәселе бойынша тұрақты бас комитет айқындалады. Егер ондай шешім қабылданбаса, қаулыда бірінші болып аталған комитет бас комитет болып есептеледі.

51-бап. Тұрақты комитеттер бірлескен отырыстар өткізуге құқылы, оларды комитеттердің төрағалары өзара келісе отырып жүргізеді. Бұл орайда қаулы әрбір тұрақты комитеттің жалпы құрамының көпшілік даусымен қабылданады.

52-бап. Тұрақты комитеттер өз құзыретіне жататын мәселелерді қараған кезде тең құқықтарды пайдаланып, тең міндеттер атқарады.

Тұрақты комитеттердің белгілі бір мәселе бойынша айқындамаларында келіспеушілік болған жағдайда олар келіспеушіліктерді еңсеру жөнінде шаралар қолданады. Егер комитеттер келісімге келе алмаса, олар өз пікірін бұл мәселемен одан әрі жүргізілетін жұмыс нысаны туралы шешім қабылдайтын Палаталар Бюросына дейін жеткізеді.

Палаталар отырысында комитеттердің келіспеушілігі еңсерілмеген мәселелер қаралған кезде келіспеушіліктердің мәнісі, Палаталар Бюросының келіспеушіліктерді еңсеру жөнінде қолданылатын шаралары және олар ұсынатын шешім депутаттарға хабарланады. Мұндай мәселелер бойынша дауыс беру Палаталар регламенттеріне сәйкес жүргізіледі.

53-бап. Тұрақты комитеттердің өкілдері өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша Парламент пен оның Палаталарының пленарлық отырыстарында баяндамалар мен қосымша баяндамалар жасай алады.

Тұрақты комитеттер өздері алдын ала немесе қосымша қарауға берген, Палаталардың қарауына енгізген мәселелер бойынша өздерінің баяндамашыларын немесе қосымша баяндамашыларын бөледі.

Тұрақты комитеттердің бірлесіп әзірлеген мәселелері бойынша комитеттер бірлескен баяндамалар және қосымша баяндамалар жасай алады не өздерінің ескертпелерін, ұсыныстарын, қорытындыларын жеке табыс ете алады.

54-бап. Тұрақты комитеттер қаралатын мәселелерді әзірлеу үшін Палата депутаттарын, министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және өзге де орталық атқарушы органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, ғылыми мекемелердің өкілдерін, сондай-ақ мамандар мен ғалымдарды тарта отырып, жұмыс топтарын құра алады.

Тұрақты комитеттер өз жұмысына әртүрлі саланың мамандарын сарапшылар ретінде тартуға, сондай-ақ заң жобаларының тәуелсіз сараптамасын тағайындауға құқылы.

55-бап. Тұрақты комитеттер:

өз қызметі үшін қажетті материалдар мен құжаттарды мемлекеттік, қоғамдық бірлестіктерден, ұйымдардан және лауазымды адамдардан сұратып алуға;

лауазымды адамдарды өз отырыстарына шақыруға және комитеттердің құзыретіне жататын мәселелер бойынша оларды тыңдауға құқылы.

Мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар тұрақты комитеттерге сұратылған материалдар мен құжаттарды заңмен қорғалатын құпияны ескере отырып беруге міндетті.

56-бап. Тұрақты комитет қарайтын мәселелер бойынша қорытындылар әзірлеу үшін қажетті мерзім Палатаның шешімі бойынша берілген тапсырмада көрсетіледі немесе Палаталардың регламенттерінде белгіленеді.

Республика Президентінің заңдар жобаларын қараудың басымдығын белгілеуге құқығы бар, бұл тиісті заң жобалары бірінші кезектегі тәртіппен екі ай ішінде қабылдануға тиіс екенін білдіреді.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

57-бап. Парламент пен оның Палаталарының бірлескен, келісім және арнаулы комиссияларының қызметін ұйымдастыру Палаталар тұрақты комитеттерінің қызметін ұйымдастырумен ұқсас.

58-бап. Қазақстан Республикасы Конституциясы 57-бабының 5) тармақшасына сәйкес Парламент Палаталары өз құзыретіндегі мәселелер бойынша парламенттік тыңдаулар өткізеді.

Парламенттің Палаталарындағы парламенттік тыңдауларды Палаталар Бюросының шешімі бойынша Палаталардың тұрақты комитеттері өткізеді.

Парламенттік тыңдауларды ұйымдастыру мен өткізу тәртібі Парламент Палаталарының регламенттерінде белгіленеді.

Ескерту. 58-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.04.29. № 154-IV Заңымен.

5-тарау. Қорытынды ережелер

59-бап. Тұрақты комитеттердің қызметін үйлестіру Палаталардың Бюросына жүктеледі.

60-бап. Тұрақты комитеттер мен олардың мүшелерінің қызметін ұйымдық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық және өзге де жағынан қамтамасыз етуді Парламент Палаталарының тиісті аппараттары жүзеге асырады.

61-бап. Тұрақты комитеттерде іс жүргізу Регламентке және Қазақстан Республикасы Парламентінде Құжаттармен жұмыс істеу жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес ұйымдастырылады.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК